

Циклограммасы

Бір аптаға (04- наурыз 2024жыл)

«Балдырған-бөбекжай балабақшасы «Гүлдәурен» мектеп алды тобы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен "Баланызбен қыста серуендеуді қалайша жағымды және пайдалы етуге болады?" тақырыбында кеңестер беру; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейн елеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттер. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету. (еңбек іс-әрекеті)				
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (арқанмен) 1 - басты оңға ию, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға ию, 4 - бастапқы қалыпқа келу. 1 - басты оңға бұру, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұру, 4 - бастапқы қалыпқа келу. 1 - жоғарыға қарау, 2 - бастапқы қалып; 3 - төменге қарау, 4 - бастапқы қалып; 2 рет қайталау 2. бастапқы қалып: аяқ бірге, арқан төменде 1 - арқанды алға ұстау, 2 - жоғарыға көтеру, 3 - алға, 4 -бастапқы қалып; 4 рет қайталау 3. Бастапқы қалып: аяқ алшак, арқан жоғарыда 1 - оң жаққа иілу, 2 - бастапқы қалып; 3 - сол жаққа иілу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау 4. Бастапқы қалып: аяқ алшак, арқанды алға ұстау 1 - арқанмен бірге оңға бұрылу, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұрылу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау 5. Бастапқы қалып: аяқ алшак, арқан жоғарыда 1 - тізені бүкпей арқанды жерге қою, 2 - қол белде, аяқ алшак тұру, 3 - тізені бүкпей арқанды алу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				

Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Бата беру Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейің Ықыласпен қол жайсаң Көп тілекті төгейін Дастарханың мол болсын Уайым қайғың жоқ болсын Сұрағаның алдыңнан Іздемейақ көп болсын Әумин (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Мен кім болып, қайда жұмыс істейтінімді тауып көрші?» (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)	Мамандықтардың құралдары суретіне қарап әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)	Мамандықтарға байланысты дидактикалық ойындар ойнау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)	Менің арманымдағы мамандығым. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)	"Алуан-алуан кәсіп" тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	1.Сауат ашу негіздері "[ә] дыбысы және Ә әрпі". Мақсат-міндеттер: [ә] дыбысын және Ә әрпімен таныстыру. 2.Математика негіздері "Балықтың салмағын өлшеу" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды шартты өлшемнің көмегімен (таразы) заттардың салмағын өлшеуді меңгерту; заттарды салыстыру арқылы	Сауат ашу негіздері "[ә] дыбысы және Ә әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: [ә] дыбысын және Ә әрпін қайталау. Ә әрпін қайталау. Ә дыбысынан басталатын сөздерді анықтау. 2.Музыка "Комбайншы" Мақсат-міндеттер: балалардың комбайншы туралы әнді тыңдап, әннің	1.Математика негіздері "Үй шаруасына қалай көмектесуге болады?" Мақсат-міндеттер: балалардың он саны туралы ұғымдарын дамыту, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; он жиын санын құрайтын элемент түрлері жайлы түсініктерін жетілдіру. 2.Қазақ тілі "[М] дыбысы	1.Математика негіздері "Үй шаруасына көмектесеміз" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың он көлеміндегі сандар туралы түсініктерін дамыту, оны тану, атай білу цифрларды дұрыс атап, ажырата білу іскерлігін жетілдіру. 2. Сауат ашу негіздері "[ж] дыбысы және Жж әрпі".	1.Қазақ тілі "Мамандықтар жайында диалогтар". Мақсат-міндеттер: балалардың мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту; қазақ тіліндегі "Қызықты мамандықтар" әңгімесінің мазмұнымен таныстыру. 2.Көркем әдебиет "Бала - біздің болашақ» Қ. Аманжолов" (қайталау) Мақсат-міндеттер: өлеңінің мазмұнын ашу, өлеңнің әр шумағын дауыс ырғағын келтіре

	ауыр және жеңіл екендігі жайлы түсінік беру. 3.Көркем әдебиет "Бала - біздің болашақ» Қ. Аманжолов" Мақсат-міндеттер: өлеңінің мазмұнын ашу, өлеңнің әр шумағын дауыс ырғағын келтіре отырып қайталау, жаттату. 4. Дене шынықтыру Педагогтің жоспары бойынша	сипатын ажырып, ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білу қабілетерін дамыту. 3.Дене шынықтыру Педагогтің жоспары бойынша 4. Жапсыру "Цирк қызметкерлері" Мақсат-міндеттері: қағазды бүктеу әдісі арқылы жұмыс жасау дағдыларын дамыту. мүсіндеу Сурет салу құрастыру	(артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)". Мақсат-міндеттер: [М] дыбысының артикуляциясын нақтылау, М дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету. 3.Қоршаған ортамен таныстыру "Кішкентай зерттеушілер" Мақсат-міндеттер: әр түрлі мамандық түрлері туралы түсінік беру; мамандық иелерінің қызметі және олардың еңбегімен таныстыра отырып, олардың маңыздылығы туралы білім беру. 4.Сөйлеуді дамыту "«Құмырсқа қанағаты» ертегісі" Мақсат-міндеттері: ертегіні оқып беру арқылы балаларға қанағатшыл деген мағынаны түсіндіру.	Мақсат-міндеттер: [ж] дыбысын және Ж әріпін таныстыру. Артикуляция бойынша Ж дыбысын дұрыс айтуға үйрету. 3.Сөйлеуді дамыту "«Құмырсқа қанағаты» ертегісі" (қайталау) Мақсат-міндеттері: ертегіні оқып беру арқылы балаларға қанағатшыл деген мағынаны түсіндіру. 4. Дене шынықтыру Педагогтің жоспары бойынша	отырып қайталау, жаттату. 3. Қоршаған ортамен таныстыру "Мамандықтар" Мақсат-міндеттер: балаларды әртүрлі мамандықтар жөніндегі білімдерін кеңейту; топта жұмыс істеу дағдысын жетілдіру, ғылыми терминдер мен сөздерді сөйлеуде қолдануды үйрету. 4.Музыка Педагогтің жоспары бойынша
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар				

әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)					
Серуен	№1 Көктемдегі құбылыстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Жұмбақ. Жылт-жылт еткен. Жырадан өткен. (су) Бақылау. Көктемдегі құбылыстар туралы білімдерін қалыптастыру. Жылғалардың пайда болуына назар аудару: неліктен су бір жерде ғана ағады, ал бір жерде ақпайтынын түсіндіру. Жинақталған тәжірибе арқылы табиғат құбылысының байланысын анықтау. Қимылды ойын: «Қармақ». (дене шынықтыру) Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортада тәрбиеші. Оның қолында «қармақ» (скакалка) қармақты төменнен айналдырады, ал балалар «қармаққа»	№2 Талды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Тал туралы білімдерін бекіту, көктемде тал алғашқылардың бірі болып гүлдейтініне назар аудару. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: кіші топтың балаларына алаңды былтырғы қоқыстардан тазартуға көмектесу. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Өз бетінше кіші топтың балаларына көмектесуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар мен торғайлар", "Мұқият бол". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер.	№3 Бірінші будак бұлттарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Жұмбақ. Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ, жетеді, Ауызы жоқ ұлиды. (Жел) Бақылау. Балаларға бұлтты бақылауды үйрету: олардың өте әдемі, бірегей негізді, күмбез тәрізді аппақ көлемнен түрлі болатынын; таңертен пайда болып кешке жоқ болтынын ескеру. Өлі табиғат құбылыстарына қызығушылығын, байқағыштығын дамыту. Қимылды ойын: «Түзу шеңбермен». (дене шынықтыру) Балаларға жаттығуларды шеңбер бойынша бірге орындауға үйрету. Қозғалыс келісімділігін жетілдіру. Еңбек. Өсімдіктердің	№4 Бұршақтың жауғанын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Бұршақ ұғымымен таныстыру; көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін атай отырып, бұршақ туралы түсінік беру; зейінді, есте сақтауды белсендіру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бұталар мен ағаштардың кесілген бұтақтарын тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бірлесіп тату-тәтті жұмыс істеуге, істі соңына дейін жеткізуге, еңбек нәтижесіне қуана білуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам?", "Әрі қарай және одан жоғары". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер.	

	түсіп қалмау үшін орында тұрып жоғары секіреді. Кімге қармақ тиіп кетсе, сол ойыннан шығады. Еңбек. Аула маңын қоқыстан тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Ұжымда еңбектене білуді қалыптастыру, жұмысты жоспарлау, бақылауды іске асыру. Ұқыптылық пен белсенділікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: «Қайық станциясы». (дене шынықтыру) Қайықшалар жіберуге ұсыныс жасау. Өз еріктерімен пайда болған ойын тобын мадақтау.	Жан-жаққа шашырап жүгіруді, кеңістікті бағдарлауды дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: заттарды нысанаға лақтыру. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Қолдың күшін және көзбен мөлшерлеуді дамыту.	топырағын қопсыту. (еңбек іс-әрекеті) Аулада еңбекпен айналысу. Балаларды өсімдіктерді күтуге үйрету. Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру) Өткеншек тебу. Балалар арасында жақсы қарым-қатынасты қалыптастыру: достық қатынас, өзара көмек.	Жүгіру кезінде жаттығу, жылдамдықты дамыту; кедергіден оңай өтуге үйретуді жалғастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Алда кім бар?" (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Орташа қарқынмен бір-бірден бағанда жүгіруді үйрету.	
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуді. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Бата беру Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейің Ықыласпен қол жайсаң Көп тілекті төгейін Дастарханың мол болсын Уайым қайғың жоқ болсын				

	Сұрағаның алдыңнан Іздемейақ көп болсын Әумин (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру. Көркем сөз Әдемі ирек жолдармен, Лақтарша біз ойнақтап, Тастан - тасқа секіріп, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары,бейн елеу әрекеті кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Би үйренеміз педагогтің жоспары бойынша	Желі рөлдік ойын. "Сұлулық салоны". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.	Фудбол үйірмесі Педагогтің жоспары бойынша	Қауіпсіздік Бөгде адамдармен сөйлеспе Мақсаты: Балаларға бөгде адамдармен сөйлесуге не себепті болмайтыны жайлы түсіндіру.	Ертегілер елінде Жұман етікші Мақсаты: балаларға ертегі желісімен таныстырып, кейіпкерлерлі талқылай білуге үйрету.
Баламен жеке	Дамир Амирға	Рақымжанова	Базарбек Зереге	Серікбай Зереге	Мағжанға

жұмыс	"Құрылысшы". Қолда темір қалағы, Саздан сарай қалады. Алматыдан аумайтын, Әсем қала салады. (қарым-қатынас іс- әрекеті)	Ралияға Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Аспаз боламын" Мақсат-міндеттер: балаларды кейіпкерлерге тән бөліктерді (құлақ, аяқ,) пропорцияны сақтап, қарапайым тәсілдерді домалату, қырнауыштың көмегімен басу, жалпайту, есу, созу пайдаланып, бөліктерін құрамдастырылған тәсілмен біріктіре отырып аспазшы маманың мүсіндеуге үйрету. (шығармашылық іс-әрекет)	"Зейінді бол" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу. (танымдық іс- әрекет)	Құрастырудан ойын-жаттығу "Қысқы ағаш" Мақсат-міндеттер: балаларды қағазды түтік тәріздес етіп айналдыру арқылы қысқы ағашты құрастыруды үйрету. (шығармашылық іс-әрекет)	Сурет салудан ойын-жаттығу "Капитанның кемедегі саяхаты" Мақсат-міндеттер: балаларды көп қабатты кеменің суретін салуға үйрету; кеменің пішінінде корпусы, палуба, каюталар қатары сияқты құрылым бөлшектерін үйлесімді орналастыру іскерлігін дамыту. (шығармашылық іс-әрекет)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)				
Серуен	№1	№2	№3	№4	№5
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуді. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Бата беру Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейің Ықыласпен қол жайсаң Көп тілекті төгейін Дастарханың мол болсын				

	Уайым қайғың жоқ болсын Сұрағаның алдыңнан Іздемейақ көп болсын Әумин (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.				
Балаларды үйге қайтару	Ата-аналарға кеңес. «Ұялшақтықты қалай жеңуге болады?»	«Баланың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру» атты кеңес.	Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қолдың ұсақ моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.	Психолог кеңесі. "Баланың сөйлеу тілін қалай дамытамыз?"	"Өзге қалаларға саяхат" тақырыбында фотокөрме ұйымдастыру.

Тәрбиеші Байменова Ж.Ш.

Тексерген:

Циклограммасы

Бір аптаға (11-наурыз 2024жыл)

«Балдырған-бөбекжай балабақшасы «Гүлдәурен» мектеп алды тобы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата аналармен әңгімелесу,кеңес беру	Ата-аналармен "Баланызбен қыста серуендеуді қалайша жағымды және пайдалы етуге болады?" тақырыбында кеңестер беру; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары,бейн елеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттер. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету. (еңбек іс-әрекеті)				
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (арқанмен) 1 - басты оңға ию, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға ию, 4 - бастапқы қалыпқа келу. 1 - басты оңға бұру, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұру, 4 - бастапқы қалыпқа келу. 1 - жоғарыға қарау, 2 - бастапқы қалып; 3 - төменге қарау, 4 - бастапқы қалып; 2 рет қайталау 2. бастапқы қалып: аяқ бірге, арқан төменде 1 - арқанды алға ұстау, 2 - жоғарыға көтеру, 3 - алға, 4 -бастапқы қалып; 4 рет қайталау 3. Бастапқы қалып: аяқ алшак, арқан жоғарыда 1 - оң жаққа иілу, 2 - бастапқы қалып; 3 - сол жаққа иілу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау 4. Бастапқы қалып: аяқ алшак, арқанды алға ұстау 1 - арқанмен бірге оңға бұрылу, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұрылу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау 5. Бастапқы қалып: аяқ алшак, арқан жоғарыда 1 - тізені бүкпей арқанды жерге қою, 2 - қол белде, аяқ алшак тұру, 3 - тізені бүкпей арқанды алу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				

Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Бата беру Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейің Ықыласпен қол жайсаң Көп тілекті төгейін Дастарханың мол болсын Уайым қайғың жоқ болсын Сұрағаның алдыңнан Іздемейақ көп болсын Әумин (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Кім бәрінен де зейінді". Баланы теріс қаратып, өз киіміңіз немесе бөлмедегі заттар туралы сұрау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырады күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн,	"Жіпті шардың түсіне қарай ірікте" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді ажырату, көру қабілеттерін арттыру; көздің қарашығын демалдыру жаттығуларын жасату. (зерттеу іс-әрекеті, дене шынықтыру)	Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйі мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырады күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар! (сөйлеуді дамыту)	Жаңылтпаштарды қайталау. Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту. (көркем әдебиет)

		балалар! (сөйлеуді дамыту)			
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	1.Сауат ашу негіздері "[ж] дыбысы және Жж әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: [ж] дыбысының айтылу артикуляциясымен таныстыру. Басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге, сөзге дыбыстық талдау жасауға, сөзді буынға дұрыс бөлуге үйрету 2.Математика негіздері "Футболшылар қатарының реттік саны" Мақсат-міндеттер: балалардың "нөл" санымен таныстыру, санның ең кіші сан және барлық сандардан кем саны туралы түсіндіру; 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға жаттықтыру. 3.Көркем әдебиет "Қол не үшін керек?" Мақсат-міндеттер: әңгімені мәнерлеп оқып бере отырып, қолдың не үшін керек екендігін, тек	1.Сауат ашу негіздері "[ж] дыбысы және Жж әрпін пысықтау". Мақсат-міндеттер: [ж] дыбысының айтылу артикуляциясымен таныстыру. Басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге, сөзге дыбыстық талдау жасауға, сөзді буынға дұрыс бөлуге үйрету. 2.Музыка Педагогтің жоспары бойынша 3.Дене шынықтыру Педагогтің жоспары бойынша 4. Құрастыру "Біз көмекшіміз" Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыс материалдары: цилиндр, тақтайша, текше, кірпіш, призманы пайдалана отырып жүк көлігін құрастыруды	1.Математика негіздері "Футбол көруге барғанда" Мақсат-міндеттер: балалардың "нөл" саны және цифрмен таныстыру; 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға жаттықтыру; нөл цифрын жазуға машықтандыру. 2.Қазақ тілі Педагогтің жоспары бойынша 3.Қоршаған ортамен таныстыру "Тұрмыстық техника" Мақсат-міндеттер: балалардың тұрмыстық техниканың адам тіршілігіндегі алатын орны жайындағы білімдерін жалпылау және тиянақтау; тұрмыстық техника түрлерін қолдану ережелерін пысықтау. 4.Сөйлеуді дамыту "Компьютер пайдалы ма, әлде	1.Математика негіздері Тұрмыстық техника" Мақсат-міндеттер: балалардың тұрмыстық техниканың адам тіршілігіндегі алатын орны жайындағы білімдерін жалпылау және тиянақтау; тұрмыстық техника түрлерін қолдану ережелерін пысықтау. 2. Сауат ашу негіздері "[п] дыбысы және Пп әрпі". Мақсат-міндеттер: [П] дыбысын және П әріпін таныстыру. Артикуляция бойынша п дыбысын дұрыс айтуға үйрету. 3.Сөйлеуді дамыту "Компьютер пайдалы ма, әлде зиян ба?" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларға техника туралы мәліметті беруді кеңейтіп, оның ішінде компьютерге толықтай тоқталып	1.Қазақ тілі Педагогтің жоспары бойынша 2.Көркем әдебиет "Қол не үшін керек?" (қайталау) Мақсат-міндеттер: әңгімені мәнерлеп оқып бере отырып, қолдың не үшін керек екендігін, тек затты ұстау үшін ғана емес, әлемдегі еңбектер мен жақсылықтардың бәрі де адам қолымен жасалатыны ұғындыру. 3. Қоршаған ортамен таныстыру "Тұрмыстық техника" Мақсат-міндеттер: балалардың күнделікті өмірде адам қолданатын электр құрылғыларының түрлері мен мақсаты, олардың адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін жалпылау. 4.Музыка Педагогтің жоспары бойынша

	затты ұстау үшін ғана емес, әлемдегі еңбектер мен жақсылықтардың бәрі де адам қолымен жасалатыны ұғындыру. 4. Дене шынықтыру Педагогтің жоспары бойынша	үйрету. Жапсыру мүсіндеу Сурет салу	зиян ба?" Мақсат-міндеттер: балаларға техника туралы мәліметті беруді кеңейтіп, оның ішінде компьютерге толықтай тоқталып өту; балаларға компьютерді дұрыс пайдалану туралы айту.	өту; балаларға компьютерді дұрыс пайдалану туралы айту. 4. Дене шынықтыру Педагогтің жоспары бойынша	
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	№5 Бірінші будак бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ, жетеді, Ауызы жоқ ұлиды. (Жел) Бақылау. Балаларға бұлтты бақылауды үйрету: олардың өте әдемі, бірегей негізді, күмбез тәрізді аппақ көлемнен түрлі болатынын; таңертен пайда болып кешке жоқ болтынын ескеру. Өлі табиғат құбылыстарына	№6 Қарды, қар түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тонады. (қар) Өлең. Көктен тартып күн нұрын, Жерден тартып жылылық. Әнін тыңдап бұлбұлдың, Қызғалдақтар тұр күліп. Бақылау. Қарды бақылауды жалғастыру, көктемгі қардың қасиеті туралы	№7 Қар суын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Жатты да жатты, Жылғаға жаратты. (Қардың еруі) Бақылау. Қар қалыңдығының өзгеруіне назар аудару. Күннің қыздыруымен қардың жұқа жері еріп, қар суына айналады. Қар суы күннің жарқырап тұрғанында және қыздырған жерінде пайда болады. Қар астынан пайда болған алғашқы көк шөпке назар аудару,	№8 Көктемдегі құбылыстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Жылт-жылт еткен. Жырадан өткен. (су) Бақылау. Көктемдегі құбылыстар туралы білімдерін қалыптастыру. Жылғалардың пайда болуына назар аудару: неліктен су бір жерде ғана ағады, ал бір жерде ақпайтынын түсіндіру. Жинақталған тәжірибе арқылы	№9 Күннің шұғыласын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Жұмбақ. Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күннің көзі) Бақылау. Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. Қимылды ойын. «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны). (дене шынықтыру) Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай, кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. Еңбек. Жолдарды қардан тазарту. (еңбек дағдылары) Берілген тапсырманы жауаптылықпен орындау. Өз

	қызығушылығын, байқағыштығын дамыту. Қимылды ойын: «Түзу шеңбермен». (дене шынықтыру) Балаларға жаттығуларды шеңбер бойынша бірге орындауға үйрету. Қозғалыс келісімділігін жетілдіру. Еңбек. Өсімдіктердің топырағын қопсыту. (еңбек дағдылары) Аулада еңбекпен айналысу. Балаларды өсімдіктерді күтуге үйрету. Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру) Әткеншек тебу. Балалар арасында жақсы қарым-қатынасты қалыптастыру: достық қатынас, өзара көмек.	түсініктерін нақтылау. Қыста болған қармен көктемдегі қардың түстерін салыстыру (сұр, боз, лас). Балалардың назарын үстінде мұз қабаты пайда болып, оның астында боз қар болатынына; қар бірінен соң бірі еріп, суға айналады, сондықтан қардың шөгуіне назар аудару. Қимылды ойын: «Таспаны ұстап ал». (дене шынықтыру) Балаларды (белбеуге артынан байланған) таспаны сақтай отырып жүргізушіден қашуға үйрету. Еңбек. Аулада өз беттерімен міндеттерін орындауға үйрету (ыдысына жем шашу). Табиғат мекендеушілеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар. Спорт	көктемнің сұлулығына қызығушылығын арттыру. Қимылды ойын. "Горелки" (орыс халқының ойыны). (дене шынықтыру) Жолдастарымен келісіп алаңда жүгіруге (және орындарына тұруды) үйрету. Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Өз бетімен ойындар. Қар бетіне сурет салу. (сурет салу) Балаларды жерге қардың бетіне сурет салуға тарту, қызығушылықтарын артыру. Өзіндік талабын мадақтау.	табиғат құбылысының байланысын анықтау. Қимылды ойын: «Қармақ». (дене шынықтыру) Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортада тәрбиеші. Оның қолында «қармақ» (скакалка) қармақты төменнен айналдырады, ал балалар «қармаққа» түсіп қалмау үшін орында тұрып жоғары секіреді. Кімге қармақ тиіп кетсе, сол ойыннан шығады. Еңбек. Аула маңын қоқыстан тазарту. (еңбек дағдылары) Ұжымда еңбектене білуді қалыптастыру, жұмысты жоспарлау, бақылауды іске асыру. Ұқыптылық пен белсенділікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: «Қайық станциясы». (дене шынықтыру) Қайықшалар жіберуге ұсыныс жасау. Өз еріктерімен пайда болған ойын тобын мадақтау.	еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға үйрету. Өз бетімен ойындар. Өз бетімен атрибуттар мен көмекші заттарды тандай білуін, ойын шартын орындауға талаптандыру, мадақтау. (дене шынықтыру)
--	---	--	---	--	--

		алаңындағы ойындар. (дене шынықтыру) Қозғалыс белсенділігін, шапшаңдығын дамыту. Алаңда өз бетімен ойынды таңдауға үйрету.			
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Көркем сөз Су ағызып шүмектен, Беті қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты, Тазалатып тұрамын. Үсті -басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Арқаға арналған "Ауа райы" жаттығуы; балалар бірінің артына бірі тұрып, алдыңғы тұрған балаланың арқасына әртүрлі массаж (уқалау) жасайды. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті	Би үйренеміз педагогтің жоспары бойынша	Желі рөлдік ойын. "Автобус". Мақсат-міндеттер. Балалардың автобуста қызмет ететін мамандар	Фудбол үйірмесі Педагогтің жоспары бойынша	Қауіпсіздік Мақсаты: инемен ойнама Мақсаты: балалардың иненің адамға пайдасы мен	Ертегілер елінде Әке мен бала Мақсаты: балаларға ертегі желісімен таныстырып, кейіпкерлерлі талқылай білуге үйрету.

ойындары,бейн елеу әрекеті кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		(жүргізуші және кейбір көліктерде қызмет ететін бақылаушы) туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық көлікте әдептілік және қауіпсіздің ережелерін меңгерту, оны ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.		қауіпі жайлы айтып түчіндіру.	
Баламен жеке жұмыс	"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын. Дидактикалық міндеті. Балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу. Ойын ережесі. Суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршаққа ұлттық киімді киіндіру; кім	"Жұп суреттер" үстел-үсті ойыны. Дидактикалық міндеті. Балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей. Ойын ережесі. Бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді.	Жұмбақтар шешу; жаңылтпаштар айтқызу. (көркем әдебиет)	"Түрлі-түсті жолақтар" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту)	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Қимылдарды қайталаймыз". Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Сіз қандай да бір қимылды көрсетесіз, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылғанда, балалар аяқтарын тыпырлатады. Кім қателесе, сол жүргізуші атанады. (дене шынықтыру)

	ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері. Қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе ән орындау. (сөйлеуді дамыту)	Ойын әрекеттері. Бірдей суреттерді іздеу. (сөйлеуді дамыту)			
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)				
Серуен	№5	№6	№7	№8	№9
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Көркем сөз Су ағызып шүмектен, Беті қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты, Тазалатып тұрамын. Үсті -басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.				
Балаларды	«Балаңызбен қандай	«Теледидардан	«Айына бір рет	Ата-аналарға	Ата-аналар үшін ашық есік күнін

үйге қайтару	ойындар ойнайсыз?» сауалнама.	балаларға арналған қандай бағдарламаларды көресіздер?»	отбасы күнін өткізу».	тапсырма беру, жаксы демалуға тілек білдіру.	ұйымдастыру.
--------------	-------------------------------	--	-----------------------	--	--------------

Тәрбиеші Байменова Ж.ІІІ.

Тексерген:

Циклограммасы

Бір аптаға (18- наурыз 2024жыл)
«Балдырған-бөбекжай балабақшасы «Гүлдәурен» мектеп алды тобы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жаксы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата аналармен әңгімелесу,кеңес беру	Ата-аналармен "Егер балаңыз төбелесе беретін болса" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары,бейн елеу әрекеті,кітапта р қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балалардың сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шанды кетіру әдісін таңдауға үйрету. (еңбек іс-әрекеті)				
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (лентамен) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде. 1 - 4 - лентаны екі қолдарымен ақырын жоғары көтеріп, саусақтарын қимылдату арқылы лентамен толқынды қимылдар				

